

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 29 желтоқсан

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьяларын қызметке тағайындау туралы.

Конституцияға сәйкес Парламенттің әр Палатасы Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды. Кандидатураларды Палата Төрағасы ұсынады. Осыған орай Сенаттан Конституциялық Соттың судьялары қызметіне Сәрсембаев Ерлан Жақсылықұлының, Ескендіров Асан Қайроллаұлының және Қыдырбаева Айгүл Қуанышбайқызының кандидатураларын ұсынамын.

Ұсынылған кандидатуралар алдын ала Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің отырысында талқыланды.

Комитеттің қорытындысын жариялау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Рақмет.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, на своем заседании предварительно обсудив кандидатуры, предложенные Председателем Сената на должности судей Конституционного Суда, в соответствии с подпунктом 1) статьи 57 Конституции Республики Казахстан и на основании представления Председателя Сената Парламента Республики Казахстан рекомендует Сенату Парламента назначить Сарсембаева Ерлана Жаксылыковича, Ескендинова Асана Кайруллоевича и Кыдырбаеву

Айгуль Куанышбаевну на должности судей Конституционного Суда Республики Казахстан.

Прошу поддержать. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Құрметті әріптестер, сұрақтар мен талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдау үшін дауыс беру тәртібін белгілеп алайық. Шешімді ашық дауыс беру арқылы әр кандидатура бойынша жеке-жеке қабылдау ұсынылады. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса алдымен Сәрсембаев Ерлан Жақсылықұлын Конституциялық Соттың судьясы қызметіне 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Ескендіров Асан Қайроллаұлын Конституциялық Соттың судьясы қызметіне 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді Қыдырбаева Айгүл Қуанышбайқызын Конституциялық Соттың судьясы қызметіне 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Тағайындалған Конституциялық Соттың судьяларын жаңа қызметтерімен құттықтаймыз.

Сіздер жаңадан құрылған Конституциялық Соттың алғашқы судьялары болып тағайындалып отырсыздар. Өздеріңізге жүктелген жауапкершілігі мол міндетті абыроймен атқарасыздар деп сенеміз. Алдағы жұмыстарыңызға табыс пен сәттілік тілейміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі үш мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын және оған ілесіп «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және

банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Үш заң жобасы бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен ілеспе заң жобалары бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Біржанов Ержан Еріқұлына беріледі.

БІРЖАНОВ Е.Е. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті Парламент Сенатының депутаттары! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң жобасы ұсынылып отыр.

Бұл заң жобасы биылғы жылғы 5 қаңтардағы Президенттің тапсырмасы бойынша әзірленді.

Жұмыс тобы депутаттармен қатар басқа мемлекеттік органдармен бірігіп, шетелдік тәжірибені сараптау негізінде жасалды. Біз АҚШ, Германия, Ұлыбритания, көршілес Ресей Федерациясының қалыптасқан тәжірибесінің оң шешімдерін заңға қосуға тырыстық.

Заң жобасы бойынша үш тәсіл қарастырылып отыр. Басты айтып кететін жағдай, осы барлық түрлерде арызды тек қана жеке тұлға – борышкер ғана өзі бастай алады. Басқа банктер немесе кредиторлар бұл мәселені көтере алмайды. Бұл заңның бастапқы бабы болып саналады.

Егер үш түрге тоқтала кететін болсақ, бірінші түрі – соттан тыс процедура. Бұл процедураға 1600 айлық есептік көрсеткіштен төмен қарыз болса (банктердің алдындағы, коллекторлық агенттіктердің алдындағы, микроқаржылық ұйымдардың алдындағы) борышкерлер жүгіне алады және де бұл азаматтардың мүлкі болмауы тиіс. 12 ай бойы төлемінде толық болмаса осы азаматтар қаралады.

Бұл заң жобасын қарау шеңберінде депутаттардан ұсыныс түсіп, біз атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтарға жеңілдік жасадық. Ол алты ай бойы әлеуметтік көмек алатын болса, осы 12 ай бұл азаматтарға таралмайды және де бес жыл бойы төлем төленбеген, қарыздары өтелмеген азаматтар да осы жалпы кіріс критерийлерін қолданбайды.

Барлық процесс «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы іске асырылады. Азамат арызды бергеннен кейін барлық мемлекеттік органдарға сұраныс жіберіледі. Бұл сұраныс соңынан Мемлекеттік кірістер комитетіне түсіп, қорытындысы шығарылатын болады.

Егер 5 миллионнан астам қарызы болса және борышкердің басқа да органдардың алдында қарызы және мүлкі болатын болса, ол соттық түрде қолдана алады. Бұл екінші процедура.

Айта кететін жайт, сот банкроттығы мақсаты банкроттың мүліктік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру болып табылады.

Егер жалғыз тұрғын үй кепіл заты болып табылса, онда кредитор оны қайтарып алуға құқылы. Жалғыз баспана кепіл болмаса, кредиторлар оны талап ете алмайды. Осы процедураны іске асыру үшін біз қаржылық басқарушыларды енгізіп жатырмыз.

Қосымша конкурстық, басқа да талаптар заңнамада көрсетілмеген. Қазіргі таңда бұл конкурстық басқарушылар қызметіне заңды тұлғалар банкроттығы рәсіміндегі әкімшілер, кәсіби бухгалтерлер, заң консультанттары және аудиторлар бола алады.

Барлық борышкерлердің қаржы басқарушыларының қызметтерін төлей алмайтынын ескере отыра, әлеуметтік осал топтарға жататын азаматтарға мемлекет тарапынан көмек ретінде осы қызмет түрлері төленетін болады. Сәйкесінше қаражат бюджетте қарастырылған.

Соттан тыс және сот банкроттығын қолдану сәтінен туындайтын салдарға назарларыңызды аударып кетейін.

Біріншіден, борыштық міндеттемелердің мерзімі өткен болып саналады.

Екіншіден, кредиторлардың борышкерден міндеттемелерді орындауын талап етуіне тыйым салынады.

Үшіншіден, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және сыйақыны есептеу тоқтатылады.

Төртіншіден, берешекті өндіріп алу туралы сот шешімдерінің орындалуы тоқтатылады.

Үшінші рәсім ол төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі болып табылады. Тұрақты табыс болған жағдайда борышкердің бес жылға дейін мерзімде кезең-кезеңімен өзінің борышын өтеуге мүмкіншілігі бар. Ол үшін жоспар құрылып, қаржы басқарушысымен бірлесіп, сотпен осы шешім қабылданады.

Бұл процедураның ең басты артықшылығы – жеке тұлға (азамат) «банкрот» деген мәртебеге ие болмайды, сондықтан банкрот үшін көзделген салдар бұл азаматтарға қолданылмайды.

Банкроттықтан кейін пайда болатын салдар:

5 жылға дейін бұл азаматтарға кредит берілмейді;

7 жылға дейін осы банкроттық процедураға қатыспауы тиіс;

3 жыл бойы қаржылық мониторинг жүргізіледі.

Сондықтан әр азамат өзін банкрот деп жариялаудың алдында туындайтын ықтимал салдары мен шектеулер туралы ойлануы қажет.

Кешірілмейтін қарыздар заңнамада көрсетілген. Олар:

алиментті өндіріп алу;

басқа адамның өмірі мен денсаулығына келтірілетін зиянды өтеу;

сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық және келтірілген зиянды өтеу бойынша борышкерлердің қарыздары кешірілмейді.

Негізгі заң жобасында 5 кодекс пен 11 заңға өзгерістер енгізу көзделген. Атап айтқанда, Азаматтық кодекске Қазақстан Республикасының азаматына қатысты төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, соттан тыс және сот банкроттығы рәсімдерін қолдануды көздейтін нормалар мен толықтырулар енгізіледі.

Азаматтық іс жүргізу кодексіне де сәйкесінше өзгерістер көзделген.

«Микроқаржы ұйымдары туралы», «Банктер және банк қызметі туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына қаржы басқарушысына азаматтардың мүлкі мен міндеттемелері туралы мәліметтер алу құқығын беретін толықтырулар енгізіліп отыр.

Сондай-ақ «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына нақтылау сипатындағы бірқатар толықтырулар көрсетіліп отыр.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне де сәйкесінше баптар көзделіп отыр.

Заң жобасының мақсаты – заң нормаларын бұзғаны үшін тиісті әкімшілік жауапкершілікті белгілеу. Мысалы, азаматтар кредитор алдындағы өзінің міндеттемелерін орындаудан жалтару мақсатында банкроттық туралы арызбен әдейі өтініш жасайтын болса жауапкершілік көзделген.

Соттан тыс банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы шеңберінде жалған мәліметтер берген немесе мүлкі жасырылған болса да әкімшілік жаза қолданылады. Сонымен қатар сот банкроттығы және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімдерінің тәртібін бұзғаны үшін қаржы басқарушыларына да жауапкершілік көзделеді.

Жалпы, ұсынылып отырған нормалар осы саладағы заңды қатаң сақтауға бағытталған.

Құрметті депутаттар, жалпы заңды іске асыру азаматтардың борыштық жүктемесін азайтуға, әлеуметтік шиеленісті жеңілдетуге және азаматтардың төлем қабілеттілігін арттырып, әлеуметтік саланы арттыруға бағытталған. Сондықтан осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Шайдаров Серік Жаманқұлұлына беріледі.

ШАЙДАРОВ С.Ж. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қаржы вице-министріне.

Заң жобасының 29-бабында борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі жоспардың құралдары, сондай-ақ шаралары регламенттелген. Оны зерттегеннен кейін менде бірқатар сұрақтар туындады.

Біріншіден, осы заң жобасы шеңберінде борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша өзге де қандай құралдар мен шаралар көзделген? Бұл бапта қандай уәкілетті орган және қандай нормативтік құқықтық акт шеңберінде бекітілетіні анық емес.

Екіншіден, кепіл нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүліктің біреуін қаржы реттеушісімен екіншісіне ауыстыру мүмкіндігі қарастырылды ма?

Үшіншіден, сот арқылы банкроттық барысында кепіл нысанасы болып табылатын жалғыз тұрғын үй алып қойылған жағдайда осы баптың 2-тармағының б) тармақшасы Конституция нормаларына сәйкес келе ме? Басқа заңдармен қарама-қайшылық жоқ па? Рақмет.

БІРЖАНОВ Е.Е. Сұрағыңыз өте орынды. Бұл заңнаманы әзірлеген кезде, талқылаған кезде жұмыс тобымен бірігіп талай ұсыныстарды қараған болатынбыз. Жұмыс тобында осы сұрақтар да қаралған болатын. Айта кететін болсақ, қазіргі таңда үшінші тәсіл – төлем қабілеттілігін арттырудың ең басты мақсаты, егер тұрғын үй сомасы қарыздан жоғары болатын болса, онда міндетті түрде осы үшінші тәсілге өту қарастырылған. Бұл жерде қаржылық басқарушы, біз (өкілетті орган) және сот арқылы жоспар жасалып, қарыз өтелуі тиіс деп қаралған. Егер құзыреттілігі туралы айта кететін болсақ, қазіргі таңда заңда «қаржы басқарушыны біз тағайындаймыз» деп көрсетілген. Ал оның түрі және де қай мезгілде қалай тағайындау тәртібі дебюрократизация шеңберінде төменгі құжаттарға түсірілгендектен, бұл ішкі функция болғандықтан біз оны өзіміздің құжатымызбен қабылдаймыз. Қазір ол құжаттар дайындалды.

Жалпы жалғыз тұрғын үй туралы мәселе өте көп қаралды, қазіргі таңда бұл банкроттық процесс өз еркімен азаматтың арыз беруі арқылы іске асырылады. Басқа банктер болсын бұны өндіріп алу қарастырылмаған. Сондықтан егер келісімі болып осы сұрақ қаралатын болса, егер басқа мүлік болса, ол мүлікті бірінші түрде өндіріп алу қарастырылған. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сөз депутат Қалтаева Ләззат Молдабекқызына беріледі.

ҚАЛТАЕВА Л.М. Рақмет.

Уважаемый Ержан Ерикович! Согласно законопроекту предусмотрена возможность восстановления должником своей платежеспособности через различные инструменты, в числе которых процедура внесудебного банкротства, восстановление платежеспособности и судебное банкротство.

Внесудебное банкротство будет начинаться на веб-портале «электронное правительство» с последующей автоматической сверкой с данными заинтересованных государственных и иных органов на предмет соответствия должника входным критериям.

При этом законопроектом будут установлены отдельные послабления для получателей адресной социальной помощи (АСП) в виде неприменения входного критерия по отсутствию неплатежа в течение 12 месяцев. В этой связи два вопроса.

1. Какое количество лиц и на какую сумму получатели АСП имеют задолженность перед кредиторами? Проводились ли прогнозные расчеты по снижению долговой нагрузки наших граждан?

2. Насколько качественно интегрированы информационные базы данных государственных органов и банков второго уровня, чтобы качественно выполнять вышеуказанные задачи? Спасибо.

БІРЖАНОВ Е.Е. Ляззат Молдабековна, спасибо за вопросы.

В рамках работы рабочей группы мы рассматривали вопросы и категорировали должников. Если говорить в целом о получателях АСП, то сегодня их количество в Казахстане составляет 720 тысяч (140 тысяч семей). Если говорить о просроченной задолженности перед банками, то количество составляет 37 тысяч получателей АСП, сумма задолженности – 26 миллиардов тенге.

Мы имеем информацию в разрезе регионов и районов. До своих коллег и уполномоченного органа ее довели. Работа проводится.

Кроме этого, мы рассматриваем еще социально уязвимые слои населения по ипотечным кредитам. Сегодня из всего количества ипотечных займов проблемными являются 5,5 тысячи, из которых 1000 – социально уязвимые слои населения, по 940 из них принимается программа по рефинансированию. То есть мы адресно доходим до каждого. Эта работа будет продолжена. Это в первую очередь та категория, которой мы должны помочь.

Сразу хочу отметить, что 95 процентов от всего количества должников имеют задолженность по потребительским кредитам. Это внесудебное регулирование. С этой категорией мы будем работать в первую очередь.

Относительно взаимодействия через информационные системы. Сегодня создан прототип, совместно с Министерством цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности и банками проводится тестирование. Буквально в течение месяца мы эту работу наладим и в автоматическом режиме будем получать сведения. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ержан Ерікұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер және шақырылғандар! Күн тәртібіндегі «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң жобасы Мемлекет басшысының ағымдағы жылдың 5 қаңтардағы берген тапсырмаларын орындау аясында әзірленді.

Заң жобаның басты мақсаты еліміздің азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру институтын құру болып табылады.

Заң жобасында борышкерлерге өзінің төлем қабілеттілігін түрлі құралдар арқылы қалпына келтіру мүмкіндігі қарастырылған. Атап айтқанда, олар соттан тыс банкроттық рәсімі, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі және сот банкроттығы рәсімі.

Заң жобасына сәйкес барлық үш рәсімді тек қана борышкердің өзі ғана бастай алады, яғни несие берушінің борышкерге қатысты аталған рәсімдерді өздігінше қолдану құқығы жоқ.

Қаралып отырған екі рәсім – соттан тыс банкроттық және сот банкроттық рәсімдері арқылы борышкер банкрот болып табылса, ал төлем қабілеттілігін қалпына келтіру арқылы борышкер банкрот деп есептелінбейді. Мұнда аса көңіл бөлетін мәселе, заң

жобасының басты мақсаты борышкерлердің қарыздарын кешіру емес, мұнда құқықтары мен жауапкершілік, міндеттерінің бар екендігі. Сондықтан банкроттыққа ұшыраған борышкер төмендегідей міндеттерді өзінің мойнына алады. Банкрот болған азамат 5 жылға дейін несиелер мен кредиттерді алуға шектеледі, 3 жыл бойы қаржылық жағдайына мониторинг жасалады және келесі банкроттыққа қайта жүгіну құқығын тек 7 жылдан кейін ғана қолдана алады.

Аталған үш рәсімді борышкер де, кредитор да қолдану үшін заң жобаларында арнайы нормалар қарастырылған. Мәселен:

Борышкерлер мен кредиторлар, уәкілетті органдар үшін құқықтары мен міндеттері белгіленген;

жоғарыда аталған үш рәсімнен өту үшін арнайы критерийлер де анықталған;
рәсімдерді тоқтату негіздері де нақты белгіленген;

борышкердің мүліктік массасын қалыптастыру және оны бөлу тәртібі де қарастырылып отыр;

кредиторлармен есеп айырысу ережесі сияқты тағы да басқа нормалар қарастырылған. Ол нормаларды бүгін негізгі баяндамашы айтып кетті.

Негізгі заң жобасын әзірлеу аясында қолданыстағы бірнеше заңдар туралы өзгертулерді көздейтін ілеспе екі заң жобасы туралы айтуға рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі күн тәртібінде қаралып отырған Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аталмыш заңның орындалу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаралған кезде олардың негізгі мақсаты басты заң жобасын қолдану мен заңнамалық актілерді сәйкестендіру болып табылады. Мәселен, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы айтатын болсақ, оның басты мақсаты – азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін жазаның бұлтартпаушылық қағидатының іске асырылуы.

Заң жобасында жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген азаматтардың заңсыз әрекеттері үшін, аталған заңнаманы бұзғаны және азаматтың қасақана банкроттығы үшін әкімшілік жауапкершіліктері қарастырылған.

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін сәйкестікке келтіру жұмыстары жүргізілді. Мәселен, Азаматтық іс жүргізу кодексінде азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және сот банкроттығы туралы істі ерекше іс жүргізу тәртібімен қарау нормалары қарастырылған.

«Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді қаржы басқарушысы мен уәкілетті органға беру туралы нормалар енгізілді.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қаржы басқарушыларға Құқықтық кадастрдан мәліметтерді ұсыну туралы нормалармен толықтырылды.

Қаралып отырған заң жобаларын іске асыру азаматтардың борыштық жүктемесін азайтуға, әлеуметтік шиеленісті шешуге, қарызды өтеуге ынталандыруға алып келеді деп күтілуде.

Аталған заң жобалары жұмыс тобында, комитеттің отырысында және комитеттің кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Баяндалғандарды ескере келе, Қаржы және бюджет комитеті «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң жобасын қабылдауды сұрайды.

Ал Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдап, Сенат отырысына шығаруды сұрайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы.

Енді заң жобаларын талқылауға көшейік. Сөз депутат Байахметов Бақытжан Кәкенқажыұлына беріледі.

БАЙАХМЕТОВ Б.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Бүгін біз төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және жеке тұлғалардың банкроттығы саласындағы өзекті заң жобаларын талқылап отырмыз.

Халықтың жоғары несиелендіру мәселесі өткір және қоғамда бірнеше рет көтерілді. Бүгінгі таңда республика бойынша кредиттері бар азаматтардың саны 8 миллион адамға жақындады, ал неғұрлым кредиттелген өңірлерге халық тығыз орналасқан Түркістан, Алматы және Шығыс Қазақстан облыстары жатады.

Сонымен қатар ағымдағы жылдың басынан жеке тұлғалардың несиелері 24,6 пайызға өсіп, 13,4 триллион теңге құрады. Жеке тұлғаларды несиелендірудің өсуі айтарлықтай ипотекалық несиелеу есебінен, сондай-ақ тұтынушылық қарыздардың ұлғаю есебінен орын алады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықтың өсіп келе жатқан несиелеу проблемаларын шешу, сондай-ақ азаматтардың борыштық жүктемесін азайту мақсатында жедел түрде тиісті шаралар қабылдауды тапсырды. Сол себептен Үкімет бүгін қарастырылып отырған заң жобаларын әзірледі. Бұл заң жобалары 2023 жылдан бастап іске асырылу керек.

Өз кезегінде заң жобалары халықаралық тәжірибені ескере отырып әзірленді, алайда шетелдік заңнаманы талдай отырып, біздің заңнамамызда азаматтарға қатысты шектеулері жеңілдетілген нормалар көзделеді деп есептейміз. Мысалы, Франция, Ұлыбритания, Австралияда банкрот мәртебесінің ұзартылған салдары бар. Әдетте бес жыл немесе одан да көп мерзімге оған несие алу, шекарадан өту және кәсіпкерлік

қызметті жүзеге асыру кезінде шектеулер қойылады. Ұлыбританияда қарыз алушы адвокаттар қауымдастығының мүшесі, жылжымайтын мүлік агенті, конкурстық басқарушы, коммерциялық құрылымның басшысы бола алмайды. Ал Жапонияда өзін банкрот деп жариялаған азаматтар өмір бойы компанияларды басқару, адвокат, нотариус, бухгалтер ретінде жұмыс істеу құқығынан айырылады.

Халықаралық практикаға сүйене отырып, қаралып отырған заң жобаларында бес жыл ішінде микрокредиттік қаржы ұйымдары арқылы қарыздар мен кредиттер алуға шектеу көзделіп отыр. Бұл ретте біз қарастырып отырған заң жобаларында азаматтардың кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын шектеуге қатысты ұқсас нормалар көзделмегенін атап өту керек.

Ресейде банкроттық рәсімдерін қолдану жиілігінің шектеулеріне қатысты бұл процедураны бес жылда бір реттен жиі емес, сонымен қатар Испанияда, Литвада және Латвияда он жылда бір рет қолдануға болады.

Ұлттық заңнаманың ерекшеліктерін және ел экономикасының даму үрдістерін ескере отырып, қаралатын нормаларға сәйкес қазақстандықтар соттан тыс немесе сот банкроттығы рәсімдерін өтініш берілген күнінен санағанда жеті жылдан кейін ғана қайта қолдана алады.

Заң жобаларын іске асыру азаматтардың берешектік жүктемесін төмендетуге, әлеуметтік шиеленісті жеңілдетуге және қаржылық сауаттылықты арттыруға, берешекті өндіріп алу кезінде өнімсіз шығыстарды төмендетуге, сондай-ақ қарыздар бойынша төлемдерді ынталандыруға әкеледі деп күтілуде.

Сонымен бірге өзін банкрот деп жариялау халықтың несиелендірілуіне байланысты барлық проблемалардың панаңеясы болып саналмайтынын, бірақ шын мәнінде үмітсіз өмірлік жағдайға тап болған адамдар санатына қолдау көрсетуге бағытталғанын түсіну маңызды. Осылайша азамат өзін банкрот деп жарияламас бұрын оның салдары мен мүмкін болатын шектеулер туралы мұқият ойлануы керек.

Құрметті әріптестер, жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы заң жобаларын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке ілеспе заң жобаларын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Серікбай Өтелгенұлы Трұмовқа беріледі.

ТРҰМОВ С.Ө. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау үшін бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобалары бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі қаралатын мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Заң жобасы бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Сарқұлов Ұлан Серікұлына беріледі.

САРҚҰЛОВ Ұ.С. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Үкіметтің 2021 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарын іске асыруға бағытталған.

Заң жобасында 11 заңнамалық актіге, оның ішінде 3 кодекске және 8 заңға түзетулер көзделген.

Әзірленген түзетулер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы одан әрі жетілдіруге, оның ішінде озық халықаралық стандарттар негізінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жаңа құралдарын енгізуге бағытталған.

Одним из ключевых нововведений законопроекта является введение ответственности государственных служащих и приравненных к ним лиц за необоснованное обогащение. На фоне совершенствования антикоррупционной политики предлагаемая норма, на наш взгляд, является основополагающей, поскольку она ощутимо минимизирует коррупцию в госаппарате.

С другой стороны, это продолжение запущенного с 2021 года всеобщего декларирования, так как без надлежащей ответственности за необоснованное обогащение чиновников сам по себе процесс декларирования будет простой формальностью.

В этой связи в дополнение к действующим нормам о взыскании 10 процентов индивидуального подоходного налога за расхождение в декларациях предлагается усилить ответственность госслужащих путем введения дополнительных санкций:

1) фискальных – через административный штраф в размере 90 процентов от суммы расхождения между доходами и расходами. Здесь отмечу, что санкции будут применяться при расхождении более чем на 1000 МРП (примерно более 3 миллионов тенге). Если годовой доход, к примеру, за календарный год государственного служащего составил 5 миллионов тенге, а он приобрел имущество за 9 миллионов тенге, таким образом, этим служащим был превышен порог в размере 1000 МРП, то есть более 3 миллионов тенге;

2) карьерных – путем увольнения с государственной службы по отрицательным мотивам на три года. Для увольнения расхождение должно превысить годовой доход за вычетом 1000 МРП.

Подчеркиваю, что в каждом таком случае чиновнику будет даваться возможность обосновать законность расходов. Это уже предусмотрено в Налоговом кодексе. То есть должна быть объективная картина, чтобы не получилось, что мы или органы государственных доходов применяли эти санкции к невиновному лицу.

Кроме того, данные лица не будут вовлечены в орбиту уголовного судопроизводства. Эти нововведения направлены на усиление превентивных мер противодействия коррупции.

Срок введения этих норм в действие определен на 2027 год. Понятно, что до этого времени нужна широкая разъяснительная работа. Это обусловлено тем, что именно с этого периода мы увидим реальную картину об активах и имуществе населения.

Так, в 2025 году в систему всеобщего декларирования войдут все совершеннолетние граждане, которые не вошли на предыдущих этапах. В 2026 году указанные лица представят в первый раз ежегодную декларацию о доходах и имуществе. При этом входные декларации об активах и обязательствах и декларации о доходах и имуществе за первый отчетный год не подлежат проверке. То есть только с 2027 года начнется сопоставление расходов и доходов всех налогоплательщиков страны.

Выявление фактов необоснованного обогащения предлагается возложить на органы государственных доходов, которые законодательно обеспечены доступом к базам

в рамках налогового администрирования процесса всеобщего декларирования, то есть к информационным базам.

Сведения о лицах, у которых выявлено несоответствие расходов доходам, будут направляться органами государственных доходов к нам, в агентство, как уполномоченному органу по противодействию коррупции, а мы, в свою очередь, будем уведомлять соответствующие государственные органы, организации о необходимости рассмотрения вопроса об увольнении государственных служащих и приравненных к ним лиц, у которых выявлено значительное расхождение расходов с доходами.

Вторая ключевая инициатива законопроекта касается формирования системы защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции. Поправки разработаны во исполнение Послания Главы государства от 1 сентября 2020 года.

На сегодня в Казахстане имеющиеся меры защиты недостаточны. В основном они применяются лишь при наличии реальной угрозы применения насилия или иного физического воздействия. При этом действующее законодательство не содержит каких-либо мер по защите трудовых прав сообщивших о фактах коррупции.

Вместе с тем именно эти меры особенно важны для противодействия коррупции ввиду ее высокой латентности.

Факты гонений и притеснений таких лиц в нашей практике имеются. Об этом свидетельствует анализ нашей работы.

В целях создания комплексной системы защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции, выработанные поправки направлены на:

защиту лиц, сообщивших о фактах коррупции, от ущемления их прав в сфере трудовых отношений. Предлагается установить требования по обязательному проведению коллегиальных заседаний при рассмотрении вопросов применения мер дисциплинарного характера и увольнения в отношении лиц, сообщивших о фактах коррупции, с обязательным приглашением представителя агентства для вынесения объективного решения;

обеспечение конфиденциальности сведений о лице, сообщившем о факте коррупционного правонарушения. Предлагается отнести информацию об оказании лицом содействия в противодействии коррупции к конфиденциальной информации с введением уголовной ответственности за ее разглашение.

Также необходимо понимать разницу между предлагаемой законопроектом системой защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции, и действующими механизмами защиты лиц, участвующих в уголовном процессе, то есть по уголовным делам.

Система защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции, работает до признания их участниками в уголовном судопроизводстве и после его завершения.

Сообщаем, что мы вносим поправки в Закон «О государственной службе», когда государственные служащие, впервые привлеченные к административной ответственности за принятие на работу лица, не представившего декларацию об активах и обязательствах, не будут увольняться с государственной службы, как этого требует действующее законодательство. То есть при принятии в первый раз на работу лиц, не представивших декларацию, будет только штраф, а увольнение будет при повторном нарушении.

После анализа этих статей и обращений государственных служащих из разных регионов нами было принято данное решение.

Наряду с изложенным законопроект содержит поправки, вытекающие из проблем правоприменительной практики и правового мониторинга

В целях повышения эффективности проводимой агентством превентивной работы предлагается в статью 8 Закона «О противодействии коррупции» внести поправку, устанавливающую возможность выявления коррупционных рисков не только в нормативных, но также в ненормативных правовых актах и иных актах, регулирующих деятельность объектов внешнего анализа.

В целом хотелось бы сказать, что сейчас агентством сделан упор на превентивную (профилактическую) деятельность для недопущения уголовно-правовых последствий в будущем.

Имеется ряд других поправок в целях исключения пробелов и коллизий.

Блок поправок, разработанных Комитетом национальной безопасности, направлен на совершенствование действующих механизмов защиты лиц, участвующих в уголовном процессе.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар, осындай маңызды заңның қабылдануы, әрине, кең қоғамдық қолдауға ие болады және Мемлекет басшысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын одан әрі іске асыруды қамтамасыз етеді.

Заң жобасы барлық отырыстарда егжей-тегжейлі қарастырылды, сұрақтарға жауап берілді.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Нөкетаева Динар Жүсіпәліқызына беріледі.

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкіліне.

Законопроектом предусмотрено введение контроля за соответствием расходов и доходов государственных служащих и приравненных к ним лиц, их супругов в течение отчетного календарного года.

Кроме того, согласно законопроекту лица, сообщившие о фактах коррупции, не привлекаются к дисциплинарной ответственности, не освобождаются от должности или не переводятся на другую должность без предложений дисциплинарной комиссии или иного коллегиального органа.

В связи с этим у меня два вопроса.

1. Как будет проводиться контроль со стороны государства за расходами государственного служащего, доходы которого значительно меньше задекларированного? Каким способом чиновник должен будет обосновать законность своих расходов?

2. Каким образом будет осуществлена и гарантирована защита лица, сообщившего о фактах коррупции, в том числе по трудовым отношениям? Спасибо.

САРҚҰЛОВ Ұ.С. Спасибо за вопросы.

По первому вопросу. Такие граждане не будут привлекаться к ответственности, потому что перед приемом на государственную службу граждане заполняют и сдают соответствующую декларацию об активах и имуществе.

Сейчас мы видим, что есть люди, которые приходят из бизнеса. Деньги, активы и имущество они указывают в своей первичной декларации. Это все легально, официально. То есть понимается, что эти деньги человеком заработаны, находясь не на государственной службе. Соответственно, доходы и расходы будут учитываться агентством и налоговыми органами. Такие лица не будут привлекаться к ответственности.

По второму вопросу. Люди, уволенные по отрицательным мотивам с государственной службы, согласно данному законопроекту могут быть приняты на государственную службу только по истечении трех лет. Это также предусмотрено.

Что касается мер защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции. С лицом, которое сообщает своему руководителю о каком-либо факте совершения коррупционного преступления или коррупционного правонарушения, должно заключаться соответствующее соглашение о неразглашении данной информации и фактов. После того, как соглашение заключено, если возникают какие-то притеснения либо наказание лица за сообщение об этих фактах, создается дисциплинарная комиссия. Это также предусмотрено в законопроекте. После рассмотрения вопроса о притеснении обязательно приглашение ответственного сотрудника антикоррупционной службы, после чего по согласованию будет выдаваться, повторяю, объективное решение по данному лицу.

Все это предусмотрено в данном законопроекте. Все это будет отрабатываться. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сарыбаев Ғалиасқар Төлөндіұлына беріледі.

САРЫБАЕВ Ғ.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасарына.

Құрметті Ұлан Серікұлы! Заң жобасында мемлекеттік қызметшілер және оларға теңестірілген қызметкерлердің шығыстары мен кірістері сәйкес келмеген жағдайда жұмыстан босату міндеті қарастырылған.

Осы мақсатта Еңбек кодексіне, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы», «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу орынды деп есептеймін. Алайда «Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы» Заң аясында реттелетін арнайы мемлекеттік органдардың қызметкерлері үшін бұндай жауапкершілік қарастырылмаған. Осы жағдайдың себебін түсіндіріп бере аласыз ба? Рақмет.

САРҚҰЛОВ Ұ.С. Мемлекеттік қызметкердің, квазимемлекеттік қызметкерлердің, құқық қорғау қызметкерлерінің, оның ішінде арнайы органдар қызметкерлерінің заңсыз байығандары үшін заң жобасында жаза қарастырылған. Оның бәрі осы заңнамада бар.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Ұлан Серікұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите» разработан в целях дальнейшего совершенствования законодательства о противодействии коррупции и формировании эффективной системы противодействия коррупции путем введения новых инструментов превенции коррупции на основе передовых международных стандартов.

Основными задачами законопроекта являются минимизация коррупционных проявлений посредством превентивных мер контроля необоснованного обогащения лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций и приравненными к ним, а также обеспечение надлежащей защиты лиц, сообщающих о фактах коррупции, в том числе путем гарантий от ущемления их трудовых прав и конфиденциальности представленной информации.

Принятие законопроекта позволит обеспечить:

выявление теневых доходов лиц, уполномоченных на выполнение государственных функций и приравненных к ним;

транспарентность антикоррупционной политики государства;

снижение коррупции как негативного фактора для социально-экономического развития государства;

повышение активности гражданского общества в противодействии коррупции;

формирование антикоррупционной культуры;

создание в обществе атмосферы нетерпимости к коррупции.

С учетом изложенного, руководствуясь пунктом 58 Регламента Сената, просим поддержать проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите», одобренный Мажилисом Парламента концептуально в первом чтении.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасында азаматтық қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте белсенділігін арттыруға, осы санатқа жататын құқық бұзушылықтарды анықтауға азаматтарды ынталандыруға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ауқымды өзгерістер енгізуге қатысты нормалар қарастырылған.

Жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі, өйткені оның елдің, қоғамның және жекелеген азаматтардың дамуы мен мүдделеріне әкелетін зияны орасан.

Заң жобасында мемлекеттік қызметкерлердің, оларға теңестірілген адамдардың жұбайларының (зайыптарының) жеке шығыстары мен табыстарының сәйкестігіне бақылау жасау көзделген. Бекітілген мөлшерден алшақтығы анықталған жағдайда оларға негізсіз байығаны үшін қосымша жауаптылықты енгізу ұсынылып отыр.

Өз кезегінде жаңа норма оң нәтиже береді деп күтілуде және бұл қоғамда да қолдау табады деп есептеймін.

Сонымен бірге сыбайлас жемқорлық орын алған фактілер туралы хабарлаған азаматтарды қорғау жүйесін қалыптастырып, олардың еңбек құқықтарын сақтау және көрсетілген жәрдемге қатысты мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз ету тетіктерін заңнамалық түрде бекіту өте маңызды.

Жалпы алғанда, заң жобасын қабылдау сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, мемлекеттік қызметкерлердің заңсыз табыс табуына барынша тосқауыл қоюды қамтамасыз етіп, мемлекетіміздің жемқорлыққа қарсы жүргізіп отырған саясатына елдің сенімін арттыратын болады деп есептеймін.

Құрметті әріптестер, қаралып отырған заң жобасын қолдаймын. Сіздерге де қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Волков Владимир Васильевичке беріледі.

ВОЛКОВ В.В. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Вношу предложение – включить в повестку сегодняшнего заседания Сената рассмотрение проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики

Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите» во втором чтении. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтар, екінші оқылымға дейін боссыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Бұл заң жобасына Парламент депутаттары бастамашылдық жасады.

Бастамашылардың атынан баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Абақанов Елдос Нұрболұлына беріледі.

АБАҚАНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Президенттің тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша заң жобасын әзірледі.

Тазы мен төбет – қазақтың байырғы ит тұқымы, ұлттық мақтаныш, қазақ халқының ұлттық қазынасы, оның мәдени-тарихи құндылығы. Бұл тұқымдар біздің тарихымызбен байланысты және олардың шығу тегі ғасырлар бойы қалыптасқан.

Қазақы ит тұқымдарын сақтау, қорғау мен дамыту саласы мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін кең құқықтық және ұйымдастырушылық тәсілдерді талап етеді. Өйткені бүгінгі таңда қазақы ит тұқымдарының генофондының нашарлау үрдісі ғана емес, сонымен қатар еліміздің көптеген өңірлерінде толық жойылу қаупі бар.

Қалыптасқан қолайсыз жағдайдың негізгі себептері қазақы ит тұқымдары генофондының жай-күйін бағалау, олардың генетикалық бейінін жасау бойынша ғылыми зерттеулердің болмауы, сондай-ақ мемлекеттік қолдаудың жоқтығы болып табылады.

Осы проблемалық мәселелерді шешу үшін заң жобасында қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асырудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері белгіленеді, уәкілетті органның құзыреті бекітіледі.

Заң жобасының негізгі қағидаттары қазақы ит тұқымдарының тазалығын және сақталуын қамтамасыз ету.

Қазақы ит тұқымдарын сақтау мен өсімін молайтуды қамтамасыз ету жүйесіне мыналар кіреді:

1) аумақтық бөлімшелері бар оның ведомствосын қоса алғанда уәкілетті орган;

2) қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар;

3) қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығы;

4) қазақы тұқымды иттерді өсірумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар.

Уәкілетті органның мамандандырылған ұйымы жанындағы қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығына маңызды рөл берілді. Орталықтың негізгі құзыретіне бірыңғай асыл тұқым туралы кітап жүргізу, қазақы ит тұқымдарының стандарттарын әзірлеу және басқа да міндеттер кіреді.

Сонымен қатар заң жобасы кинологиялық қызметті, қазақы тұқымды иттің шығу тегі туралы куәлікті бекітіп, бірыңғай асыл тұқым туралы кітапты, қазақы ит тұқымдары стандарттары мен «ұлттық аңшылық» ұғымдарын айқындайды.

Сондай-ақ заң жобасында ғылыми ұйымдардың жүзеге асыратын ғылыми зерттеулері жөніндегі норма көзделген. Ғылыми ұйымдар уәкілетті органдармен, ұлттық орталықпен, сондай-ақ кинологиялық қызметті жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктермен бірлесіп, қазақтың ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар әзірлеуді жүзеге асырады.

Әлеуметтік-экономикалық салдары:

қазақы тазы және төбет ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласындағы субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру;

гендік қорын сақтауға, дамытуға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдау үшін құқықтық негіз құру.

Заң жобасын қабылдау теріс құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарға әкеп соқпайды.

Қолдауларыңызды сұраймын.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо.

Мой вопрос адресован представителю Министерства экологии, геологии и природных ресурсов и связан с новым понятием, которое вводится в Закон «Об охране, воспроизводстве и использовании животного мира».

Так, термин «кинологическая деятельность» связан только с дрессировкой собак казахских пород, тогда как мы знаем, что в структуре правоохранительных и силовых органов также функционируют кинологические службы, которые занимаются данной деятельностью с собаками иных пород.

Таким образом, не сужается ли с введением данного понятия деятельность ведомственных кинологических служб, которые готовят собак по видам служебного применения (розыскные, патрульные и караульные)? Спасибо.

ТӨРАҒА. Серікқали Аманғалиұлы, жауап беріңіз.

БРЕКЕШЕВ С.А. Сұрағыңызға рақмет.

Уважаемый Сергей Михайлович, Вы правильно отметили, в проекте закона кинологическая деятельность рассматривается, но только в отношении казахских пород собак. Эта деятельность будет входить в компетенцию национального центра, который, кроме этого, будет заниматься и другими видами деятельности.

Поэтому введение данного понятия, в принципе, не сужает и никак не влияет на другие ведомственные кинологические службы.

Кроме того, нашим министерством сейчас разрабатывается подзаконный нормативный правовой акт, который будет регламентировать порядок деятельности кинологической службы только в отношении казахских пород собак тазы и төбет.

Поэтому здесь мы не видим никаких проблем. Рақмет.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Елдос Нұрболұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Парламент депутаттарының бастамашылығымен әзірленіп, қаралып отырған заң жобасы арқылы қазақы ит тұқымдары – тазы мен төбетті сақтау және өсімін молайту мәселелерін реттеу, олардың тұқымын таза қалпында сақтау мақсатында құқықтық негіз құру көзделген.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы бұл қазақтың байырғы ит тұқымдарын сақтау мен дамыту мәселесін қолға алуды тапсырған болатын.

Сарапшылардың бағалауы бойынша қазақы иттердің тұқымын таза қалпында сақтау ісі бүгінде ешқандай сын көтермейді, тіпті олардан айырылып қалу қаупі де жоқ емес. Сондай-ақ заңнамалық негіз болмағандықтан төбет пен тазы тұқымдарын бағалау, генетикалық пішінін жасау және бұл бағытта ғылыми зерттеулердің жүргізілмеуіне байланысты бүгінде олардың нақты саны да белгісіз. Кейбір деректерге сәйкес Халықаралық кинологиялық федерацияға қазақы тазы тұқымына байланысты көрші мемлекеттердің ұсыныстары да берілгені белгілі. Осы орайда заң жобасында көзделген нормалар өте маңызды. Оның шеңберінде ұлттық орталықтың ашылуы, төбет пен тазыны есепке алудың жүргізілуі мен олардың стандарттарының әзірленуі өте өзекті.

Бүгінгі қалыптасқан жағдайда қазақы ит тұқымдарының тазалығын қорғауға бағытталған іс-шараларға республикалық бюджеттен қаржы бөлу арқылы мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру орынды деп санаймыз.

Заң жобасында қазақы ит тұқымдарының ұлттық орталығының мәртебесін, міндеттері мен қаржыландырылу тәртібін нақтылаумен қатар ғылыми зерттеулер жөніндегі норма көзделген.

Қорыта айтсақ, заң жобасының қабылдануы Халықаралық кинологиялық федерацияда қазақы тазы мен төбет тұқымдарын уақытылы тіркеуге және ұлттық бренд ретінде халықаралық деңгейде танытуға мүмкіндік берері анық.

Жалпы заң жобасы ұлттық құндылығымыз саналатын қазақы ит тұқымдарының табиғи қалпын сақтауға және олардың жойылу қаупінің алдын алуға өз септігін тигізері сөзсіз.

Заң жобасы жұмыс топтарының, комитеттің кезекті және кеңейтілген отырыстарында жан-жақты қаралды. Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ. Дегенмен заң жобасы қабылданған жағдайда уәкілетті орган тарапынан оны жетілдіруге ерекше мән берілуі тиіс деп санаймыз.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды. Оның нормаларын іске асыру үшін қажетті қаражат республикалық бюджет комиссиясы тарапынан қолдау тапқан.

Құрметті әріптестер! Баяндалғандарды ескере келе, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенғазы Мағауияұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Слово предоставляется депутату Булавкиной Ольге Александровне.

БУЛАВКИНА О.А. Спасибо.

Уважаемый Маулен Сагатханұлы! Уважаемые депутаты! Законопроект по вопросам сохранения и воспроизводства казахских пород собак тазы и төбет охватывает широкий спектр направлений:

создание научной базы, необходимой для сохранения данных пород путем научной оценки генетического качества;

проведение селекционных осмотров;

составление банка данных для осуществления статистического анализа наследственных болезней и патологий, ведения единой родословной книги.

Законопроектом определены специализированные организации уполномоченного органа, местных исполнительных органов, республиканские государственные предприятия по обеспечению охраны, воспроизводства и устойчивого использования животного мира, а также сохранению и воспроизводству казахских пород собак.

В связи с этим будет проводиться квалифицированная племенная работа на базе достаточно мощных питомников с учетом государственного и общественного интересов по возрождению данных пород.

Статьями законопроекта предусмотрены разработка и утверждение стандартов, на основании которых казахские породы собак будут признаны мировым кинологическим сообществом и смогут официально участвовать в международных выставках.

Также осуществлять право выдачи экспортных родословных единого образца, развивать сотрудничество и связи с зарубежными и международными кинологическими организациями, создавать представительства в них и, самое главное, закрепить Казахстан в статусе страны происхождения и родины тазы и төбет.

Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросу сохранения и воспроизводства национальных пород собак» направлен на сохранение чистых видов борзых-тазы и казахского төбет, имеет большое значение не только для спасения составных элементов генетического фонда и биоразнообразия, но и для заполнения возникшего вакуума в исторически сложившихся хозяйственных отношениях.

Прошу вас, уважаемые депутаты, поддержать данный законопроект. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі екі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл екі заң жобасы бір-бірімен байланысты, сондықтан бас комитет оларды бірге қарауды ұсынып отыр. Қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобалары бойынша бір баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Брекешев Серікқали Аманғалиұлына беріледі.

БРЕКЕШЕВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Ең алдымен мына өтіп бара жатқан жылы депутаттармен бірлесіп жасаған жұмыс үшін шын жүректен алғысымды білдіргім келеді. Енді осы заң жобаларын жұмысқа қабылдап, оны жан-жақты, егжей-тегжейлі талқылаған әріптестеріміз – депутаттық корпус пен Парламент

Аппаратының қызметкерлеріне жаңа жылда сәттілік, абырой, амандық тілеймін. Еліміз аман, халқымыз қуатты болсын!

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Бүгінгі назарларыңыздағы заң жобалары Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобаларында ұлттық парктерді және басқа да табиғи байлықтарды қорғау мақсатында келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделді:

заң жобасының нормаларымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске:

кеспеағаш қорын пайдаланудың, сүректі дайындау мен әкетудің, шайыр мен ағаш шырындарын, қосалқы орман материалдарын дайындаудың белгіленген тәртібін бұзғаны;

шабындықтар мен жайылымдық жерлердің зақымдануы, сондай-ақ орман қоры жерлерінде заңсыз шөп шабу және мал жаю, дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізат жинағаны;

орман фаунасын жою немесе бүлдіргені, сондай-ақ орман қорының жерлеріне зақым келтіру, қалдықтармен, химиялық заттармен орманды бітеу және өзге де залал келтіргені;

жеке тұлғалардың ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жекелеген түрлерінде болу тәртібін бұзғаны;

кесу орындарын кесу қалдықтарынан уақытылы тазаламағаны, кеспеағаштар мен кеспеағаштарға іргелес жатқан аумақтарды бүлдіргені үшін жауапкершілік деңгейін арттыруға бағытталған;

кеспеағаш аймағын әзірлеу тәртібі мен мерзімдерін бұзғаны.

Заң жобасын талқылау барысында Мәжіліс депутаттары екінші оқылымда:

1) қолданыстағы заңнаманы «Өсімдіктер әлемі туралы» Заңға сәйкес келтіруге;

2) жерді бүлдіргені, су ресурстарын қорғау қағидаларын бұзғаны, орман фаунасын жойғаны немесе бүлдіргені, сондай-ақ орманды қалдықтармен, химиялық заттармен бүлдіргені және орман қоры жерлеріне өзге де залал келтіргені үшін айыппұл санкцияларын ұлғайтуға және жасыл екпелерді күтіп-ұстау мен қорғау қағидаларын бұзуға;

3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 339, 367, 368, 373, 374, 378, 380-1, 382, 387, 388-баптары бойынша бұзушылықтар үшін жауапкершілікке тартылатын адамдар тобын, атап айтқанда коммерциялық емес ұйымдарды кеңейтуге бағытталған түзетулер енгізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың вандализм, қоғамдық және жеке мүлікті бүлдіргені үшін жауаптылықты қатаңдату жөніндегі тапсырмасын жедел орындау мақсатында бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін тиісті түзету енгізілді.

Заң жобасының нормалары Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне:

ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе бүлдіру, жер қойнауын өз бетінше пайдалану үшін жауаптылық деңгейін арттыруға;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимін бұзу, жердің бүлінуі, жер қойнауын өз бетінше пайдалану және ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау кезінде аса ауыр зардаптар үшін оларға сай келетін жауаптылықты белгілеуге;

төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және экологиялық апат аймақтарында жерді бүлдіргені үшін тең мәнді құқықтық режимді бекітуге бағытталған.

Құрметті депутаттар, заң жобаларын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Экологиялық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейту туралы заңдардың қабылдануы ұлттық табиғи байлықтарды, бірегей экожүйелер мен жануарлардың тіршілік ету ортасын сақтауға, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада жер шарында биологиялық әртүрлілікті сақтауға өте маңызды ықпал ететін болады.

Заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Құрметті әріптестер, заң жобалары бойынша сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Серікқали Аманғалиұлы! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасымен әкімшілік айыппұлдар көлемі ұлғайтылып, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік орнататын жаңа 380-1-бабы енгізіліп отыр.

Өз кезегінде заң жобасы бойынша істерді қарау және әкімшілік айыппұл салу орман, балық және аң аулау шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның құзыретіне берілген. Осыған орай менің бірнеше сұрағым бар.

Осы құзыретті жүзеге асыру үшін уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріндегі штат саны қаншалықты жеткілікті және алдағы уақытта штатты ұлғайту жоспарда бар ма? Сондай-ақ осы саладағы жұмыскерлердің әлеуметтік кепілдігі мен аумақтық бөлімшелердің материалдық-техникалық жабдықтау мәселелерін шешуде қандай шаралар қолға алынуда?

БРЕКЕШЕВ С.А. Рақмет сұрағыңызға.

Құрметті Рысқали Қалиақбарұлы, расында сіз айтып өткендей, «Өсімдіктер дүниесі туралы» Заңның қолданысқа енгізілуіне байланысты біздің жергілікті мемлекеттік инспекторларға қосымша функциялар жүктеледі.

Заңның жаңа редакциясында келтірілген экологиялық залал үшін әкімшілік жаза күшейіп, инспекторлық қызметтің құзыреті де, жауапкершілігі де артады. Әрине, сіздің кадрлардың біліктілігі жөнінде алаңдауыңыз орынды. Дегенмен біріншіден, біздің мемлекеттік инспекторлар тәжірибелі мамандар. Екіншіден, білімі мен біліктілігі алға қойылған талаптарға сай деп ойлаймын. Қазірдің өзінде біздің аумақтық инспекцияларда штат саны 163 адам болып отыр. Оның ішінде осы жақында ашылған үш облыстың тағы 15 инспекторы қосылды. Енді осы штатпен жұмысты толығымен алып шығуға біздің ешқандай күмәніміз жоқ.

Егер материалдық-техникалық база жөнінде айтатын болсақ, оны қаржыландыру жыл сайын өсуде. Биылдың өзінде жаңа 48 патрульдік автокөлік сатып алынды. Енді осы бағытта жұмыс жалғасатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сөз депутат Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Мұқанова Алма Қайратқызына.

Уважаемая Алма Кайратовна! Законопроектом в статью 332 Уголовного кодекса вносятся изменение части 2 и дополнение частью 3. При этом частью 2 предусматривается ответственность за деяния в виде крупного ущерба на особо охраняемых природных территориях или в зоне чрезвычайной экологической ситуации либо в зоне экологического бедствия, однако подпунктом 3) статьи 3 Уголовного кодекса ссылка на статью 332 указана только в части особо крупного ущерба, а именно «стоимостное выражение затрат, необходимых для устранения или восстановления потребительских свойств природных ресурсов в размере, превышающем 20000 МРП». То есть это размер особо крупного ущерба. В подпункте новой части 2 статьи 332 устанавливается ответственность за деяния, повлекшие крупный ущерб.

Кроме того, во многих статьях законопроекта понятие «экологический ущерб» заменяется просто словом «ущерб», но в пункте 38 статьи 3 понятие «экологический ущерб» остается.

На наш взгляд, две статьи не соответствуют друг другу. В рамках данного законопроекта не внесены соответствующие изменения в подпункт 3) статьи 3 в части внесенных изменений в статью 332.

В этой связи вопрос: не вызовет ли законопроект проблем в дальнейшем правоприменении? Дайте, пожалуйста, разъяснение по данному положению. Может быть, это ошибка, юридическая техника и так далее?

ТӨРАҒА. Мұқанова Алма Қайратқызы, жауап беріңіз.

МҰҚАНОВА А.Қ. Спасибо за вопрос.

Дело в том, что действующий Уголовный кодекс уже содержит в статье 3 подпункт 38), который дает определение, что есть крупный ущерб и крупный размер. В данном определении статья 332 Уголовного кодекса предусматривается. Там определено, что этот размер должен превышать более 1000 МРП за причиненный экологический ущерб, в данном случае – за порчу земли.

Поэтому противоречий не усматривается. На практике это не должно вызвать проблематику. Большое спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Серікқали Аманғалиұлы. Орныңызға отырыңыз.

Заң жобалары бойынша қосымша баяндама жасау үшін сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Заң жобасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобаларымен ұлттық парктерді және басқа да табиғи байлықтарды қорғау мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыр.

Заң жобаларының мақсаты Қазақстанның ұлттық саябақтары мен басқа да табиғи ресурстарын қоршаған ортаға залал келтіруден – жерге зиян тигізу, ағаштарды заңсыз кесуден, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану режимін бұзудан, жер қойнауын өз бетінше пайдаланудан қоршаған ортаға және халыққа қоғамдық қауіп төндіретін басқа да әрекеттерден қорғайтын құқықтық нормаларды бекіту болып табылады. Атап айтқанда, заң жобасының нормаларымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске «Бөтен мүлікті қасақана жою немесе бүлдіру» және «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету режимдерін бұзу» жөніндегі жаңа баптар енгізіліп, аталған саладағы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік көзделіп отыр.

Заң жобасында орман, су, жер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы заңнама талаптарын бұзғаны үшін лауазымды тұлғалардың, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігін, тиісті әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салынатын айыппұлдардың мөлшерін ұлғайту арқылы арттыру және кейбір құқық бұзушылықтар үшін жаңа әкімшілік айыппұлдар енгізу қарастырылған.

Сонымен қатар қолданыстағы заңнаманы «Өсімдіктер әлемі туралы» Заң жобасына сәйкес келтіру мақсатында жасыл екпелерді күтіп-ұстау мен қорғау қағидаларын бұзғаны үшін, сондай-ақ жерді бүлдіргені, су ресурстарын қорғау тәртіптерін бұзғаны, орман фаунасын жойғаны немесе бүлдіргені, орманды қалдықтармен, химиялық заттармен ластағаны және орман қоры жерлеріне өзге де залал келтіргені үшін, вандализм, қоғамдық және жеке мүлікті бүлдіргені үшін айыппұл санкцияларын ұлғайту арқылы әкімшілік жауапкершілікті күшейту бекітілген.

Қылмыстық және Қылмыстық процестік кодекстеріне енгізіліп отырған өзгерістерде жауаптылықты қатаңдату көзделіп отыр:

ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдағаны үшін жауапкершілік деңгейін арттыруға;

жер қойнауын рұқсатсыз немесе өз бетінше пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимін бұзу, жерді бүлдіру кезінде неғұрлым ауыр зардаптар үшін оларға сай келетін жауаптылықты белгілеуге;

төтенше экологиялық жағдай аймақтарында және экологиялық зілзала аймақтарында жерге залал келтіру үшін баламалы құқықтық режим енгізуге бағытталған.

Ұсынылып отырған нормалар:

бұзақылық, мемлекеттік және жекеменшікке зиян келтіргені үшін жауапкершілікті күшейтуге;

ұлттық табиғи ресурстарды, бірегей экожүйелерді және биологиялық әртүрлілікті сақтауға;

келтірілген залал үшін тиісті төлемнің әділ белгіленуімен қатар заң талаптарының одан әрі сақталмауының алдын алуға бағытталып отыр.

Құрметті депутаттар, заң жобаларын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң жобасының тұжырымдамасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Заң жобаларын бірінші оқылымда қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтан Мырзабекұлы.

Құрметті әріптестер, енді заң жобаларын талқылауға көшейік. Сөз депутат Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлына беріледі.

ЖҰМАҒАЗИЕВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгінгі күні ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өнеркәсіптік, тұрмыстық немесе өзге де қалдықтармен ластануы, сол жерлерді пайдаланушылардың және жалпы, азаматтардың ластауы немесе өзге де бүліну фактілері жиілеп кетті. Осылайша елімізде жыл сайын экология саласында құқық бұзушылықтар санының өсуі қолданыстағы заңнамалық актілердегі жауапкершілік нормаларын қатаңдату талап етеді. Сондықтан қаралып отырған заң жобаларын қабылдау ұлттық табиғи байлықтарды, бірегей экожүйелерді, жойылып кету қаупі бар жануарларды және олар мекендейтін жерлерді сақтау үшін аса маңызды.

Бұл өзгерістер қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алумен қатар құқық бұзушылықты жасағаны үшін жауапкершілікті қатаңдатуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, жою немесе зақымдау, жер қойнауын өз бетінше пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың режимін бұзу, орманды ластау және орман қорының жерлеріне өзге де залал келтіру сияқты құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік деңгейін арттыруға бағытталған.

Бұған қоса қоғамдағы келесі өзекті мәселе – вандализм. Себебі мемлекет қаржысына салынған нысандар мен қоғамдық орындарда тәртіпсіздік іс-әрекеттер азаяр емес. Осы орайда вандализм үшін жауапкершілікті күшейту, бөтен мүлікті қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін әкімшілік жауапкершілік енгізіліп отыр.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, заң жобаларын толығымен қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобаларын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың бүгінгі күн тәртібіне «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын, одан кейін «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қарау үшін енгізуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобалары бүгін екінші оқылымда қаралады.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер бойынша комитеттердің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселелер – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Осы екі заң жобасы бойынша сөз сенатор Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы бүгін Сенат отырысының бірінші оқылымында жан-жақты қаралды.

Қаралып отырған заң жобаларының басты мақсаты жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ететін негізгі заңнаманы бұзғаны үшін жазаның бұлтартпаушылық қағидатын іске асыру болып табылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін аталмыш заң жобасына сәйкестендіру болып табылады.

Егер нақтырақ айтатын болсақ, бүгін баяндамада айтылғандай, қолданыстағы бес кодекс пен он бір заңға толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Олардың біразы бүгінгі баяндамада аталды, мәселен:

ломбардтар беретін қарыздарды қоспағанда, борышкер азамат үшін қарыз алуды шектеу;

азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру туралы шешімді дереу орындау;

негізгі заң жобасында көзделген рәсімдер қолданылған шоттардағы қарыз алушының ақшасына даусыз тәртіппен өндіріп алуға тыйым салу;

сот арқылы төлем қабілетсіздігін қалпына келтіру немесе сот ісін жүргізу рәсімін қолдану туралы іс қозғалған жағдайда атқарушылық іс жүргізуді тоқтата тұру және тағы басқа да қажетті өзгерістер мен толықтырулар көзделді.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобаларын екінші оқылымға дайындау барысында Сенаттың тұрақты комитеттерінен ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес аталған заң жобаларын қабылдауды ұсынады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтанбек Алмасбекұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобаларын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Бұл заңдар Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатымен қабылданды. Қазақстан Республикасының азаматы төлемге қабілетсіз болған кезде туындайтын қоғамдық қатынастар енді заң деңгейінде реттеледі.

Заңдар аясында ақшалай міндеттемелерді толық көлемде орындай алмайтын азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін үш арнайы құқықтық шара қолданылады. Олар – соттан тыс банкроттық рәсім, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсім. Бұл шаралар тек борышкердің өтініші негізінде қолданылуы мүмкін. Аталған рәсімдерді қолдану үшін тиісті шарттар, оларды жүргізу тәртібі мен құқықтық салдары негізгі заңмен айқындалады. Сонымен қатар заңда борышкер мен кредитордың құқықтары мен міндеттері, уәкілетті орган мен қаржы басқарушысының өкілеттіктері нақты белгіленеді. Сондай-ақ борышкерлер тарапынан міндеттемелерді орындауды және болашақта кредиттеуге қатысты мәселеге жауапкершілікпен қарауға ынталандыратын шаралар қамтылған.

Қабылданған заңдар халықтың борыш жүктемесінің төмендеуіне, қаржылық тұрақтылықты нығайтуға және азаматтардың өздерінің қаржылық міндеттемелеріне деген жауапкершілігін арттыруға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Сөз сенатор Лукин Андрей Ивановичқа беріледі.

ЛУКИН А.И. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Законопроект «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите» разработан в целях дальнейшего совершенствования законодательства о противодействии коррупции и формирования эффективной системы

противодействия коррупции путем введения новых инструментов превенции коррупции на основе передовых международных стандартов.

Законопроект предусматривает внесение изменений и дополнений в три кодекса и восемь законов Республики Казахстан.

Основными задачами законопроекта являются:

законодательное регулирование контроля за соразмерностью расходов и доходов государственных служащих и приравненных к ним лиц, их супругов, в том числе установление фискальных и карьерных санкций;

формирование системы защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции;

расширение перечня коррупционных преступлений;

устранение правовых пробелов и коллизий, возникающих в правоприменительной практике.

Законопроектом предусматривается запрет на занятие государственной должности или должности, связанной с выполнением функций, приравненных к государственным, в течение трех лет после увольнения лицу, прекратившему государственную службу или иную соответствующую деятельность в связи с несоответствием расходов его доходам. Данная норма будет закреплена в Трудовом кодексе, законах «О правоохранительной службе», «О воинской службе и статусе военнослужащих», «О государственной службе Республики Казахстан».

В целях обеспечения максимальной защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции, законопроектом предусмотрен ряд мер защиты, которые будут распространяться на всех граждан, предоставивших информацию, не ограничиваясь случаями их участия в уголовном процессе в качестве свидетеля, защиты от ущемлений их прав в сфере трудовых отношений, обеспечения конфиденциальности сведений о лице, сообщившем о факте коррупционного правонарушения.

В процессе работы над законопроектом комитетом проведены заседания рабочей группы с участием инициаторов законопроекта, представителей государственных органов и сотрудников Аппарата Сената.

От депутатов и постоянных комитетов Сената Парламента по законопроекту замечаний и предложений не поступило.

С учетом изложенного Комитет по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам, руководствуясь подпунктами 1), 7) статьи 29 Закона Республики Казахстан «О комитетах и комиссиях Парламента Республики Казахстан», и в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите», одобренный Мажилисом Парламента.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Андрей Иванович.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер, қабылданған заң сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың пайда болуына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді айқындауға және барынша азайтуға септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіне қосымша енгізілген келесі мәселелер – «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы мен «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Бұл екі мәселе бойынша сөз сенатор Дүйсембинов Сұлтан Мырзабекұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБИНОВ С.М. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті депутаттар! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы және «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының мақсаты Қазақстанның ұлттық саябақтары мен басқа да табиғи ресурстарын қоршаған ортаға залал келтіруден, атап айтқанда:

жерге зиян келтіруден, ағаштарды заңсыз кесуден, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану режимін бұзудан;

жер қойнауын өз бетінше пайдаланудан қоршаған ортаға және халыққа қоғамдық қауіп төндіретін басқа да әрекеттерден қорғайтын құқықтық нормаларды бекітуді көздейді.

Заң жобаларының нормаларымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы, Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне орман, су, жер, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы заңнама талаптарын бұзғаны

үшін лауазымды тұлғалардың, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігін қатаңдатып, жаңа құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік қарастырылып отыр.

Жалпы, қабылданған нормалар:

бұзақылық, мемлекеттік және жекеменшікке зиян келтіргені үшін жауапкершілікті күшейтуге;

ұлттық табиғи ресурстарды, бірегей экожүйелерді және биологиялық әртүрлілікті сақтауға;

келтірілген залал үшін тиісті төлемнің әділ белгіленуімен қатар заң талаптарының одан әрі сақталмауының алдын алуға бағытталып отыр.

Құрметті депутаттар, заң жобаларын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Заң жобаларын қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сұлтан Мырзабекұлы.

Құрметті әріптестер, заң жобаларын бірінші оқылымда жан-жақты талқыладық. Тағы талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, заң жобалары бойынша жеке-жеке шешім қабылдайық.

Алдымен «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы мәселелер бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрдің атына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің

мүшелері Қостанай облысының Амангелді, Жангелді аудандары мен Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен танысып, ауыл-аумақтары мен шаруашылықтарында болып, тұрғындармен кездесіп қайтты. Біздің іссапарымыз мемлекеттік бағдарламалар арқылы өңірде біршама жұмыстар атқарылып жатқанымен, әлі де шешілмеген мәселелердің көп екенін көрсетті. Ол проблемаларды бірнеше бағытқа бөліп қарауға болады.

Біріншіден, өңір экономикасының дамуына кері әсерін тигізіп отырған факторлардың бірі – жол қатынасының нашарлығы. Әуе қатынасы мүлдем жоқ, теміржол тек Арқалық қаласына дейін, ал автокөлік жолдарының сапасы сын көтермейді. Сондықтан «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көзделген «Орталық –Батыс» дәлізіндегі «Астана – Арқалық – Торғай – Ырғыз – Шалқар» автожолын салуды тездету керек. Бұл Торғай өңірін орталықпен, Қазақстанның батыс өңірлерімен және көрші елдермен байланыстыру арқылы өңір экономикасына серпін беретін нақты шара болады деп есептейміз.

Өңірдегі орта және шағын бизнесті дамыту және ауылдық аумақтардың әлеуетін арттыру мақсатында елді мекендер арасын қосатын жолдар мен ауылдың ішкі жолдарын күрделі және орта жөндеуден өткізу өте маңызды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі арқылы республикалық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттердің Торғай өңіріне бөлінетін көлемін арттыру керек.

Екіншіден, өңірде су құбырларының тозуы 86,5 пайызды, жылу желілерінің тозуы 87 пайызды, электр жүйесі бойынша 92 пайызды, кәріз желілерінің тозу деңгейі 92,8 пайызды құрайды, яғни инженерлік-коммуникациялық жүйеде төтенше жағдай қалыптасқан. Сондықтан Арқалық қаласы мен Амангелді, Жангелді аудандарындағы инфрақұрылымдық жүйелердің нақты жағдайын анықтау үшін Үкімет тарапынан арнайы комиссия шығаруды сұраймыз.

Үшіншіден, өңір аудандары мен Арқалық қаласын табиғи газбен қамтамасыз етудің экономикалық және әлеуметтік маңыздылығы өте жоғары. Сондықтан да Ақтөбе облысының Ырғыз – Шалқар газ желісінен өңірге газ тарту мүмкіндігін зерттеу өте маңызды деп есептейміз.

Төртіншіден, өңірдің көптеген аумақтарында мобильді байланыс және интернет желісіне қолжетімділік қамтамасыз етілмеген. Амангелді, Жангелді аудандары мен Арқалық қаласына қарасты 152 ауылдық елді мекенде интернет желісінің деңгейі төмен, ұялы байланыстың сапасы нашар. Сондықтан да өңірдегі байланыс пен интернет жүйесінің жағдайына мемлекеттік сараптама жүргізілуі қажет.

Бесіншіден, Арқалық қаласының өндірістік әлеуетін арттыру керек. Қаланың инфрақұрылымын қалпына келтіре отырып, локомотив депосы, вагон жөндеу, көмір сұрыптау станциялары сияқты серпінді жобаларды іске асыру қажет. Құрылысқа қажетті құм, тас кен орындарын зерттеу, өндіру кәсіпорындарын ашу да маңызды.

Алтыншыдан, Арқалық политехникалық колледжінің материалдық-техникалық базасы нашар. Өкінішке қарай өндіріс пен машина жасау мамандарын даярлауға арналған оқу орнында тігінші, шаштараз сияқты мамандықтар оқытылады.

Осы колледждің базасын жаңа техника, технологиялармен жаңғырта отырып, Торғай өңірі бойынша техникалық мамандықтар дайындау орталығын ашу керек.

Жетіншіден, Арқалық қаласында ауруханалардың төсек орындары қысқарып, денсаулық саласында әсіресе ауылдық жерлерде медициналық мамандар тапшылығы пайда болған. Тұрғындардың көпшілігі әлеуметтік-медициналық сақтандырумен қамтылмаған және тұрақты медициналық көмек ала алмайды. Торғай өңіріне Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мамандарын жіберіп, қалыптасқан медициналық ахуалды зерттеп, шара қарастыру керек.

Сегізіншіден, ежелден аграрлық өңір болып саналатын Қостанай облысының оңтүстік аймақтарында ауыл шаруашылығын дамытудың нақты шараларын қабылдау қажет. Тұрғындар үшін түрлі бағдарламалар арқылы бөлінетін жеңілдетілген несиелерді қолжетімді ету үшін кепілдікке қоятын мүліктердің құнын есептеу коэффициентін өзгерту, кепілдендіру қорын ашу, ауылдық жерлерге берілетін шағын несиелердің және гранттардың санын және көлемін арттыру керек. Ауылдық жерлерде тұрғын үй салудың жеңілдетілген механизмдерін ойластыру қажет.

Жоғарыда айтылған проблемаларды шешу үшін Қостанай облысының Торғай өңірін серпінді дамыту мақсатында арнайы өңірлік бағдарлама қабылданып, қажетті көлемде қаржы бөлініп, Үкімет деңгейінде қолдау көрсетілуі тиіс деп есептейміз.

Депутаттық сауалдың толық нұсқасы қоса тіркеледі.

Сенат депутаттары Ә. Бектаев, О. Булавкина, М. Жұмағазиев, Д. Мусин, Ә. Нұралиев, С. Дүйсембинов, С. Карплюк». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Халықаралық диабет федерациясының дерегі бойынша өткен жылы әлемде қант диабетімен ауратын 537 миллион ересек адам тіркелген. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш шамамен 450 мыңға жуық адамды құрайды. Соның ішінде 17 жасқа дейінгі балалар саны 5,5 мыңға жуықтаған. Алайда елімізде ауыр дертке шалдыққандар саны одан да көп болуы мүмкін. Себебі аталмыш дерт көпке дейін белгі бермейтіндіктен, науқастардың көбісі асқынған кезде ғана дәрігерге жүгінеді. Әрине, біздің елімізде осындай науқастар емделу үшін амбулаториялық деңгейде қантты төмендететін дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар бүгінгі таңда қант диабеті Қазақстандағы ең қымбат әлеуметтік маңызы бар аурулардың бірі. Ресми ақпарат бойынша науқастарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету үшін биыл 30 миллиард теңгеге жуық қаражат бөлінген.

Өкінішке қарай, республикада қант диабетімен ауратын науқастардың санының жыл сайын 30 мыңға дейін өсуі байқалуда. Мәселен, республика бойынша соңғы он жылда қант диабетімен сырқаттану көрсеткіші 61 пайызға өскен, ал 2030 жылға қарай осындай науқастар саны 800 мыңнан асып түседі деп болжануда. Оның үстіне соңғы он жылдың ішінде қант диабетінен 32 мыңнан аса науқас қайтыс болған. Өлім-жітімнің осылай күрт өсуі коронавирус пандемиясының өткір кезеңіне тұспа-тұс келеді.

Сондықтан қант диабетінің проблемасымен тек Денсаулық сақтау министрлігі ғана күресіп қоймай, аталмыш дерттің алдын алу және оған қарсы әрекет ету үшін ведомство-аралық ынтымақтастық орнатып, жүйелі шаралар қабылдануы тиіс. Әсіресе дертке ұшыраған балалардың тамақтануына қатты көңіл бөлінгені дұрыс. Өз кезегінде қант диабетімен ауратын жандарға арналған диеталық азық-түлік өнімдерінің қымбат болуына байланысты көптеген науқастарға олар қолжетімсіз болуда. Осыған орай бұл мәселені Үкіметтің жан-жақты зерделеп қарастырғаны жөн деп санаймын.

Сонымен қатар еліміздің өңірлерінде эндокринолог дәрігерлердің жетіспеушілігі де үлкен проблема болып отыр. Қазіргі таңда Қазақстанда жеке секторда жұмыс істейтін мамандарды қоса алғанда небәрі 900-ден аса эндокринолог дәрігер бар екенін атап өткен жөн.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Үкімет тарапынан жоғарыда айтылған мәселелерді ескере отырып, қант диабетімен тиімді күресу үшін бастапқы профилактика мен патологияны ерте анықтауға бағытталған қант диабеті бойынша ұлттық бағдарламаны әзірлеуді сұраймын және оған келесі бағыттарды қосуды ұсынамын.

Қазақстанда мамандандырылған диабеттік көмек көрсетудің заманауи жүйесін құру;

көрсетілетін көмектің сапасын арттыру мақсатында диагностиканың және емдеудің заманауи әдістемелерін енгізу;

елімізде қант диабетінің таралуын дәл бағалау мақсатында қант диабеті мен скринингтің жетілдірілген ұлттық тіркелімін пайдалану;

жүктілік кезінде ана мен бала өлімін азайту үшін қант диабетін уақытылы және дер кезінде емдеу;

пациенттерге өзін-өзі бақылау әдістерін үйрету мақсатында қант диабеті мектептерін, диабеттік табан, диабеттік ретинопатия кабинеттерін арттыру;

эндокринологиялық аурулармен ауыратын пациенттердің өмір сүру ұзақтығын ұлғайту, сапасын жақсарту және мүгедектікті, өлімді төмендету;

еліміздің әр өңірі осы саланың білікті дәрігерлерімен барынша жеткілікті қамтамасыз етілуі үшін эндокринолог мамандарын дайындауды арттыру.

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес депутаттық сауалды қарау нәтижесі туралы заңмен белгіленген мерзімде жазбаша жауап беруіңізді сұраймын.

Құрметпен Р. Әбдікерев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Байахметов Бақытжан Кәкенқажыұлына беріледі.

БАЙАХМЕТОВ Б.К. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес орталық және жергілікті атқарушы

органдардың қысқы жылыту маусымына дайындық жөніндегі қызметтерін тексеру комиссиясы өз жұмысын аяқтады.

Жергілікті атқарушы органдардың берген есептеріне қарамастан бірқатар нысандардың жылу беру маусымына дайын болмауы анықталды.

Энергетика кешенінің тұрақты жұмыс істеуі үшін Үкімет пен әкімдерге жедел және жүйелі шаралар қабылдау тапсырылды. Мұндай шаралар қажетті шешімдерді жедел атқару үшін дер кезінде қабылданған деп есептейміз. Алайда республика бойынша жалпы жылу энергиясының 53 пайызын қуаттылығы 100 Гкал/сағатынан төмен 2,5 мың шағын қазандықтар жүзеге асырады. Осы жылу көздерінің бөлігі де қазіргі таңда жекеменшікте.

Комиссией в рамках оперативных мер были даны следующие поручения:

1) в рамках рынка мощности в 2023 году обеспечить привлечение дополнительных инвестиций в объеме около 90 миллиардов тенге, требуемых для проведения ремонтной кампании ТЭЦ;

2) обеспечить повышение заработной платы производственному персоналу теплоэнергетических компаний до уровня среднерыночной заработной платы.

В 2004 году энергосбытовые компании подразделения региональных электросетевых компаний были выделены в юридически обособленные организации и на их основе в каждом регионе были созданы энергоснабжающие организации, которые и сейчас являются аффилированными с энергопередающими организациями, то есть с РЭК.

В целом принятые меры не обеспечили создания конкурентного рынка электроэнергии.

На сегодняшний день более 300 компаний имеют лицензии на осуществление деятельности энергоснабжающих организаций, при этом фактическую деятельность осуществляют порядка 125 организаций, которые не имеют необходимой инженерной инфраструктуры.

В структуре тарифов за электроэнергию 30,9 процента составляют затраты энергопередающих организаций и 4,1 процента – затраты энергоснабжающих организаций.

При общей выработке и потреблении электроэнергии с учетом всех потерь общий объем средств энергоснабжающих организаций составляет 143 миллиарда тенге в год.

Насколько значительна вышеуказанная сумма, можно понять, проанализировав расчеты Министерства энергетики Республики Казахстан, что на ремонт 19 ТЭЦ в «красной» зоне риска нужно порядка 182 миллиардов тенге.

В Министерстве индустрии и инфраструктурного развития, в свою очередь, озвучили предложение по модернизации отрасли за 2 триллиона тенге в три этапа. В рамках первого этапа (с 2023 по 2030 годы) планируется заменить тепловые сети протяженностью 1,6 тысячи километров с износом 75 процентов. Объем требуемых инвестиций составляет 538 миллиардов тенге.

В связи с вышеизложенным предлагается следующее.

1. Вернуть структуру электроэнергетики, действовавшую до 2004 года, с внесением изменений в Закон Республики Казахстан «Об электроэнергетике» по наделению энергопередающей организации полномочием осуществления деятельности как по передаче, так и по снабжению электрической энергии.

2. Пересмотреть структуру распределения действующего тарифа с распределением имеющейся суммы энергоснабжающих организаций в объеме 143 миллиарда тенге в год на тарифы комбинированных источников тепло-, электроэнергетики, которые дадут возможность комплексного ремонта ТЭЦ и в последующем ремонта изношенных сетей без привлечения бюджетных инвестиций.

При пересмотре структуры объем требуемых инвестиций до 2030 года составит более 1 триллиона тенге, что может сократить сроки реализации замены изношенных тепловых сетей, указанные Министерством индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан по первому этапу.

3. По имеющимся теплоисточникам (2500 котельных) малой мощности (ниже 100 гигакалорий в час) определить, сколько из них находится в частной собственности, и проверить их техническое состояние.

4. Наделить Министерство энергетики Республики Казахстан контрольными функциями в сфере теплоснабжения не только по магистральным и распределительным тепловым сетям, но и по контролю над котельными малой мощности, то есть котельными ниже 100 гигакалорий в час.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Сізден осы депутаттық сауалға заңда көзделген мерзімде қарау жөнінде жазбаша түрде жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен Қаржы және бюджет комитетінің депутаттары». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер, бүгін Сенаттың осы жылғы қорытынды отырысын өткіздік. Санаулы күндерден кейін жаңа жылды қарсы аламыз.

Өтіп бара жатқан 2022 жыл еліміз үшін оңай басталған жоқ. Қасіретті қаңтар оқиғасы елдігіміз бен егемендігімізге үлкен қауіп төндірді. Дегенмен Мемлекет басшысының батыл әрі уақытылы қабылдаған шешімдерінің және халықтың бірлігінің арқасында ол қиындықтарды еңсере білдік.

Еңсеріп қана қоймай, тәуелсіздігімізді нығайту және мемлекеттілігімізді күшейту жолында кешенді реформаларды қолға алдық. Соның нәтижесінде бүгінде елімізде ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер іске асырылып жатыр.

Республикалық референдум өткізіліп, Конституциямызға айтарлықтай түзетулер енгізілді.

Кезектен тыс Президент сайлауы өткізілді.

Бұл конституциялық реформаны іске асыру жолындағы маңызды қадам болғаны анық.

Сайлауда азаматтарымыздың басым көпшілігі Мемлекет басшысы ұсынған әділетті Қазақстан құру бастамасына қолдау білдіріп, өз таңдауларын жасады. Соның нәтижесінде Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айқын басымдықпен жеңіске жетті. Осылайша Қазақстанда конституциялық жаңғырудың жаңа кезеңі басталды.

Конституциялық реформа аясында Парламент палаталарының рөлі мен ықпалы артты.

Билік қатынастарының жүйесі айтарлықтай жаңғыртылды.

Сенаттың өкілеттіктері кеңейіп, заң шығару процедурасы өзгерді.

Еліміздегі осындай реформаларды, Мемлекет басшысының Жолдауы мен тапсырмаларын іске асыруды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету аса маңызды. Осы ретте Сенат депутаттары ерекше белсенділік танытқанын атап өткен жөн. Бұл туралы бүгін Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев та айтып кетті.

Жалпы, биыл Парламент 86 заң қабылдап, оның 13-іне депутаттар бастамашы болды. Қабылданған заңдар еліміздің саяси және орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етуді көздейді.

Заң шығару кезінде әрбір заң жобасы Сенаттың тұрақты комитеттерінде жан-жақты талқыланды. Халықтың пікірі мен көпшіліктің үні де ескеріліп отырды. Сенаторлардың ұсыныстарымен бірқатар заңдарға маңызды түзетулер енгізілді.

Жыл қорытындысы бойынша ұлттық заңнаманың негізгі салалары айтарлықтай жаңарды. Конституцияға, соның негізінде бірқатар конституциялық заңдар мен заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Конституциялық Сот, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, Прокуратура туралы конституциялық заңдар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламенттің және Үкіметтің құқықтық жағдайын белгілейтін конституциялық заңдарға өзгерістер енгізілді.

Заң шығарушылық жұмыспен қатар Сенаттың тұрақты комитеттері жыл бойы Палата жоспарына сәйкес бірқатар маңызды іс-шаралар өткізді.

Сенат қабырғасында «Жаңа Қазақстан: Жастар және жаңғыру» тақырыбында парламенттік тыңдау өткізілді.

Биыл төрт үкімет сағаты ұйымдастырылды. Онда бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, өңірлерді газдандыру, тұрғын үй құрылысын дамыту, денсаулық сақтау жүйесінің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру мәселелері қаралды.

Комитеттер елуге жуық көшпелі отырыстар мен дөңгелек үстелдер өткізді. Сенаторлар мемлекеттік орган басшыларымен отыздан астам кездесу өткізді. Әріптестеріміз өңірлерде, оның ішінде шалғай ауылдарда жергілікті тұрғындармен 650-ге жуық кездесу өткізді.

Сонымен қатар биыл сенаторлар 149 депутаттық сауал жолдады. Сол арқылы қоғамда қызу талқыланған, халықты алаңдатқан маңызды мәселелерге Үкімет пен орталық органдардың назарын аударды.

Палатаның халықаралық қызметінің күн тәртібі де ауқымды әрі мазмұнды болды. Қыркүйек айында Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі жоғары деңгейде өтті. Осы маңызды халықаралық жиынның табысты өтуіне сіздер белсенді атсалыстыңыздар.

Съезге және оны ұйымдастыру деңгейіне әлем жұртшылығы мен қатысушылар тарапынан жоғары баға берілгенін де атап өткен жөн.

Құрметті сенаторлар! Биыл Палата ауқымды әрі нәтижелі жұмыс істеді деуге толық негіз бар. Осы ретте баршаңызға табысты қызметтеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін.

Жыл аяқталғанымен жұмысымыз жалғаса береді. Алда маңызды міндеттер күтіп тұр.

14 қаңтарда Сенат депутаттарының сайлауы өтеді.

2023 жылғы ақпанның бірінші жартысында Түркістан қаласында Орталық Азия мемлекеттерінің бірінші Парламентаралық форумын өткізу жоспарлануда. Форум Орталық Азия елдерінің парламентаралық байланысын күшейтуге қосымша серпін береді деп сенеміз.

Президенттің сайлау алдындағы бағдарламасын іске асыру жолында әлі де бірқатар заң қабылдауымыз қажет.

Құрметті сенаторлар! Жаңа жылдан кейін сіздердің өңірлерге сапарларыңыз басталады. Бұл ретте аймақтағы өзекті мәселелерге баса мән беріп, тұрғындармен кездесулерде Парламент қабылдаған заңдардың маңызын халыққа кеңінен түсіндірген абзал болады. Осы жолдағы жұмыстарыңыз табысты болсын!

Құрметті әріптестер, баршаңызды келе жатқан жаңа жылмен шын жүректен құттықтаймын. Келер жылда елдігіміз нығайып, ырыс-ынтымағымыз арта берсін. Бәріміз сол үшін аянбай еңбек ете берейік.

Баршаңызға мықты денсаулық, толайым табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Келе жатқан жаңа жыл тағы да құтты болсын!

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2022 жылғы 29 желтоқсан

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының судьялары қызметіне тағайындау туралы

О назначении на должности судей Конституционного Суда Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы В.В. ВОЛКОВТЫҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ВОЛКОВА В.В. 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О восстановлении платежеспособности и банкротстве граждан Республики Казахстан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам восстановления платежеспособности и банкротства граждан Республики Казахстан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления платежеспособности и банкротства граждан Республики Казахстан», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі Е.Е. БІРЖАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад вице-министра финансов Республики Казахстан БИРЖАНОВА Е.Е. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ШАЙДАРОВ С.Ж. 5

ҚАЛТАЕВА Л.М. 6

Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ қосымша баяндамасы

Содоклад секретаря Комитета по финансам и бюджету МАКЕЖАНОВА С.А. 7

Сөз сөйлеген:

Выступил:

БАЙАХМЕТОВ Б.К. 9

ТРУМОВ С.Ө. 11

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары Ұ.С. САРҚҰЛОВТЫҢ баяндамасы

Доклад заместителя председателя Агентства Республики Казахстан по противодействию коррупции САРҚУЛОВА У.С. 11

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НӨКЕТАЕВА Д.Ж. 14

САРЫБАЕВ Ғ.Т. 15

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі А.И. ЛУКИННІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. 16

Сөз сөйлеген:

Выступил:

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 17

ВОЛКОВ В.В. 17

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам сохранения и воспроизводства казахских пород собак», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты
Е.Н. АБАҚАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан
АБАКАНОВА Е.Н. 18

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕРШОВ С.М. 19

БРЕКЕШЕВ С.А. – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Министр экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан 20

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Д.М. МУСИННИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий МУСИНА Д.М. 20

Сөз сөйлеген:

Выступила:

БУЛАВКИНА О.А. 21

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Уголовный и Уголовно-процессуальный кодексы Республики Казахстан по вопросам усиления ответственности за экологические правонарушения и проявления вандализма», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам

усиления административной ответственности за экологические правонарушения и проявления вандализма», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан (первое чтение)

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі С.А. БРЕКЕШЕВТІҢ баяндамасы

Доклад Министра экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан БРЕКЕШЕВА С.А. 22

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. 24

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. 25

МҰҚАНОВА А.Қ. – Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан 25

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТІҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий ДҮЙСЕМБИНОВА С.М. 26

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҰМАҒАЗИЕВ С.М. 27

БЕКТАЕВ Ә.Ә. 28

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам восстановления платежеспособности и банкротства граждан Республики Казахстан» (второе чтение)

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления платежеспособности и банкротства граждан Республики Казахстан» (второе чтение)

Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы С.А. МӘКЕЖАНОВТЫҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по финансам и бюджету МАКЕЖАНОВА С.А. 29

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам противодействия коррупции и обеспечения безопасности лиц, подлежащих государственной защите» (второе чтение)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ЛУКИНА А.И. 30

«Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстеріне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Уголовный и Уголовно-процессуальный кодексы Республики Казахстан по вопросам усиления ответственности за экологические правонарушения и проявления вандализма» (второе чтение)

«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқық бұзушылықтар және вандализм көріністері үшін әкімшілік жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам усиления административной ответственности за экологические правонарушения и проявления вандализма» (второе чтение)

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі С.М. ДҮЙСЕМБИНОВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по аграрным вопросам, природопользованию и развитию сельских территорий ДЮСЕМБИНОВА С.М. 32

Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Смаилову А.А. 33

Депутат Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата АБДИКЕРОВА Р.К. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 35

**Депутат Б.К. БАЙАХМЕТОВТІҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі Ә.А. Смайыловқа депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БАЙАХМЕТОВА Б.К. к Премьер-Министру
Республики Казахстан Смаилову А.А. 36

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы»
РМК директоры

Стенографиялау қызметінің
басшысы



А. Құсайынов

Г. Молдашева